

**«Банк ВТБ (Қазақстан)» АҚ ЕҰ (бұдан әрі – Банк)
«VTB Business» интернет банкі арқылы кепілдіктер/кредит желісі бойынша
белгіленген лимит шегінде банктік кепілдікті қашықтықтан шығару шарттары**

| | | |
|----|---|---|
| 1. | Банкте шығарылатын банктік кепілдіктердің түрлері | <p>Банкте банктік кепілдіктердің келесі түрлерін алуға болады:</p> <ul style="list-style-type: none"> – тендерлік – шарт бойынша негізгі міндеттемені орындау – кеден органдарының пайдасына міндеттемелерді орындау – сапа – құрама кепілдік (шарт бойынша негізгі міндеттемені орындау кепілдігі + сапа кепілдігі) – аванстық төлемді (алдын ала төлемді) қайтару – аванстық төлемді мақсаты бойынша пайдалану – шарт бойынша төлем – тасымалдауды сату бойынша агенттік келісім бойынша төлем – қарызды қайтару – қарсы кепілдік <p>Бұл ретте кепілдік/кредиттік желісі бойынша белгіленген лимит шегінде шығарылатын кепілдіктің нақты түрі қол қойылған Кредиттік желіні ашу туралы келісімнің (КЖАК)/Лимитті ашу туралы келісімнің (ЛАК) талаптарымен анықталуы мүмкін.</p> |
| 2. | Электрондық банктік кепілдікті шығару туралы ақпарат | <p>Электрондық сатып алу жүйесінде электрондық банктік кепілдікті шығару кезінде электрондық банктік кепілдік Банк тарапынан берілген болып есептеледі және оны Клиент тарапынан растамалмаса да, қолданылу мерзімі аяқталғаннан кейін Банк тарапынан жабылуы тиіс.</p> |
| 3. | Өтініш формасы | <p>«VTB Business» интернет банкінде орналастырылған. Электрондық цифрлық қолтаңба (бұдан әрі – ЭЦҚ) болған кезде Клиент өтініш беруді қашықтықтан жүзеге асырады.</p> |
| 4. | <u>Күнтізбелік күнді көрсетпей,</u> банктік кепілдік мерзімін есептеу туралы ақпарат | <p>Мерзімді есептеу банктік кепілдік түріне байланысты жүзеге асырылады:</p> <ol style="list-style-type: none"> 1) Міндеттемелер толық орындалғанға дейін Банктік кепілдікті шығару кезінде <u>шарт бойынша негізгі міндеттемені орындау</u> – кепілдіктің қолданылу мерзімінің аяқталуы индикативті мерзім ретінде айқындалып, Қазақстан Республикасы Азаматтық кодексінің 336-бабына сәйкес келесідей түрде есептеледі: <ul style="list-style-type: none"> – егер келісімшартта/шартта негізгі міндеттемені орындау мерзімі белгіленсе, онда кепілдіктің қолданылу мерзімі негізгі міндеттемені орындау мерзіміне дейін (1 (бір) жылды қоса алғанда) есептеледі; – егер келісімшартта/шартта негізгі міндеттеменің мерзімі көрсетілмесе, тек келісімшарттың/шарттың қолданылу мерзімі белгіленсе, онда кепілдіктің қолданылу мерзімі келісімшарттың/шарттың қолданылу мерзімі аяқталғанға дейін (1 (бір) жылды қоса алғанда) есептеледі; – егер келісімшартта/шартта негізгі міндеттемелерді орындау мерзімі және келісімшарттың/шарттың қолданылу мерзімі көрсетілмесе, негізгі міндеттемелерді орындау мерзімін және келісімшарттың қолданылу мерзімінің аяқталуын анықтау |

| | | |
|----|---|---|
| | | <p>мүмкін болмаса, онда кепілдіктің қолданылу мерзімі кепілдік шығарылған күннен бастап 2 (екі) жылды құрайды.</p> <p>2) Міндеттемелер толық орындалғанға дейін <u>құрама банктік кепілдікті (шарт бойынша негізгі міндеттемені орындау + сапа кепілдігі)</u> шығару кезінде – кепілдіктің қолданылу мерзімі индикативті мерзім ретінде айқындалып, Қазақстан Республикасы Азаматтық кодексінің 336-бабына сәйкес келесідей түрде есептеледі:</p> <ul style="list-style-type: none"> – егер келісімшартта/шартта (кепілдік кезеңі/мерзімі болған кезде) негізгі міндеттемені орындау мерзімі белгіленсе, онда кепілдіктің қолданылу мерзімі негізгі міндеттемені орындау мерзімі аяқталғанға дейін плюс 1 (бір) жыл плюс кепілдік мерзімі болып есептеледі (егер кепілдік мерзімі келісімшартта/шартта қарастырылса және белгіленсе; кепілдік мерзімі қарастырылған болса, бірақ келісімшартта/шартта белгіленбесе, онда кепілдік шығару мүмкіндігі/мүмкін еместігі Банк тарапынан ішкі талаптарға сәйкес белгіленеді); – егер келісімшартта/шартта негізгі міндеттеменің мерзімі көрсетілмесе, тек келісімшарттың/шарттың қолданылу мерзімінің аяқталуы белгіленсе, онда кепілдіктің қолданылу мерзімі келісімшарт/шарт мерзімі аяқталғанға дейін плюс 1 (бір) жыл плюс кепілдік мерзімі болып есептеледі (егер кепілдік мерзімі келісімшартта/шартта қарастырылса және белгіленсе; кепілдік мерзімі қарастырылған болса, бірақ келісімшартта/шартта белгіленбесе, онда кепілдік шығару мүмкіндігі/мүмкін еместігі Банк тарапынан ішкі талаптарға сәйкес белгіленеді); – егер келісімшартта/шартта негізгі міндеттемені орындау мерзімі және келісімшарттың/шарттың қолданылу мерзімі белгіленбесе және негізгі міндеттемелерді орындау мерзімін және келісімшарттың/шарттың қолданылу мерзімін анықтау мүмкін болмаса, онда кепілдіктің қолданылу мерзімі кепілдік шығарылған күннен бастап 2 (екі) жыл плюс кепілдік мерзімі болып есептеледі егер кепілдік мерзімі келісімшартта/шартта қарастырылса және белгіленсе; кепілдік мерзімі қарастырылған болса, бірақ келісімшартта/шартта белгіленбесе, онда кепілдік шығару мүмкіндігі/мүмкін еместігі Банк тарапынан ішкі талаптарға сәйкес белгіленеді); |
| 5. | Банктік кепілдікті шығару үшін қажетті құжаттар тізімі | Кепілдік/кредит желісі бойынша белгіленген лимит шегінде банктік кепілдікті шағаруға арналған құжаттар тізімімен банктік кепілдікті шығару үшін өтінішті толтыру кезінде «VTB Business» интернет банкінде таныса аласыз. |
| 6. | Кепілдік/кредит желісі бойынша белгіленген лимит шегінде кепілдік шығару үшін Клиенттің орындайтын негізгі әрекеттері | <ol style="list-style-type: none"> 1. ЭЦҚ пайдалана отырып Өтінішке қол қоймас бұрын, Банктің www.vtb-bank.kz сайтында орналастырылған Банк кепілдігінің негізгі шарттарымен, осы Негізгі талаптармен, Бас келісім талаптарымен және/немесе қол қойылған КЖАК/ЛАК (бұдан әрі – Шарт) талаптарымен танысып шығу керек. 2. «VTB Business» интернет банкінде өтініш формасын толтыру қажет. Банк Клиентінің Шартқа қосылуы Клиенттің ЭЦҚ |

| | | |
|----|--|--|
| | | <p>қолданып, Өтінішке қол қою арқылы келісімі негізінде жүзеге асырылады.</p> <p>3. Өтінішпен бірге құжаттар тізіміне сәйкес құжаттардың сканерленген көшірмелерін қоса тіркеу керек.</p> |
| 7. | Банкте алынатын банктік қызметке қатысты даулы жағдайлар туындаған кезде клиентке арналған ақпарат | <p>Клиент пен Банк арасында банктік қызметтерді алуға байланысты туындауы мүмкін барлық келіспеушіліктер мен даулар келіссөздер арқылы шешіледі. Егер Клиент пен Банк туындаған келіспеушіліктер мен даулар бойынша келіссөздер арқылы келісімге келмесе, барлық даулы мәселелер Қазақстан Республикасының соттарында Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасында белгіленген тәртіппен және жағдайларда шешілуі тиіс.</p> <p>Банктің мекенжайлары мен деректемелері келесі сілтеме бойынша орналастырылған: https://www.vtb-bank.kz/about/offices/</p> <p>Уәкілетті органның мекенжайлары мен деректемелері: Қазақстан Республикасы Қаржылық қадағалау және қаржы нарығын реттеу агенттігі, ҚР, 050090, Алматы қ., Көктем-3 ықшам ауданы, 21-үй.</p> |